**"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 10 шілде N 341-II.

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Z970131_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың жанынан құрылатын консультациялық-кеңесші органдар.";

2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы заңдар

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына K951000_ негізделеді және Азаматтық кодекстен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгендерден өзге ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

3-бапта:

1-тармақ "алпыс мың еселенген" деген сөздерден кейін "айлық" деген сөзбен толықтырылсын;

8-тармақта:

"бұл заңды тұлға" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қолданылып жүрген" деген сөздер алып тасталсын;

5-бапта:

бесінші абзацтағы "(салықтық каникулдар, мүліктік гранттар, салықтық несиелер, салық ставкаларын кеміту, затты сипаттайтын құжатқа сәйкес кеден баждары бойынша жеңілдіктер)" деген сөздер алып тасталсын;

оныншы абзацтағы "қоғамдық-сараптамалық" деген сөз алып тасталсын;

6-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"6-бап. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалары";
1-2-тармақтағы "өнеркәсіптік (салалық)" деген сөздер "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын;
2-тармақтағы "ведомстволар" деген сөз "мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;
7-бапта:
2-тармақта:
бірінші абзацта:
"қоғамдық-сараптамалық" деген сөз алып тасталсын;
"комиссиялар сауда-өнеркәсіп палаталарымен" деген сөздер "комиссиялармен" деген сөзбен ауыстырылсын;
1) тармақшаның бесінші абзацында:
"жергілікті" деген сөз алып тасталсын;
"қолданылып жүрген" деген сөздер "салық" деген сөзбен ауыстырылсын;
3-тармақта:
"Ұйымдар - табиғи монополистер" деген сөздер "Табиғи монополия субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;
"олардың негізінде шағын кәсіпорындар құра отырып" деген сөздер алып тасталсын;
7-1-бапта:
тақырыбындағы "қоғамдық-сараптамалық" деген сөз алып тасталсын;
1-тармақта:
бірінші абзацта:
"Қоғамдық-сараптамалық" деген сөз алып тасталсын;

"комиссиялар мен сауда-өнеркәсіп палаталары" деген сөздер "Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы атқарушы өкімет органдарында" деген сөздер "мемлекеттік органдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;
2-тармақта:
"қоғамдық-сараптамалық" деген сөз алып тасталсын;
"жергілікті атқарушы органдар жанындағы" деген сөздер "мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінен," деген сөздермен ауыстырылсын;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту

жөніндегі комиссиялар туралы ережені - Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдардың жанындағы комиссиялар туралы ережені жергілікті атқарушы органдар бекітеді.";

8-бапта:

1, 2, 2-1-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс ұйымдастырған кезде оны ұйымдастырушы - тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын және олардың көлемін (процентпен көрсетілгенде) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын айқындап отырады.";

9-бапта:

2-тармақтағы "осы Заңның 12-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлікті дамытуға жұмсалатын барлық қаражат көлемінің кем дегенде 0,5 проценті мөлшерінде" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақта:

"(заңды және жеке тұлғаларға)" деген сөздер алып тасталсын;

"төленетін соманы үш жыл кейінге қалдыра отырып" деген сөздер "сома төлей отырып, Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "кәсіпорындардың - табиғи монополистердің қызметін монополияға қарсы реттеу қолданыла отырып," деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін екінші деңгейдегі банктерде шоттар ашу ақы алынбай жүргізілуі мүмкін.";

7-тармақта "пайдаланылмайтын" деген сөз "бір жылдан астам пайдаланылмаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Шағын кәсіпкерлік субъектілері шартта көзделген талаптарды орындаған жағдайда, өздеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету салаларын дамыту үшін жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілген

объектілерге меншік құқығын шарт жасалған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін тегін алады. Бұл талаптар сауда-саттық (делдалдық) қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалға алу немесе сенімгерлікпен басқару шартының

талаптарын орындауын бақылауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.";

10-баптың 1-тармағындағы "қолданылып жүрген" деген сөздер алып тасталсын;

11-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі өз қаражаты, шетелдік инвестициялар және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.";

2-тармақтағы "қолданылып жүрген" деген сөздер алып тасталсын;

15-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жеке тұлғалар - шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қоғамдық бірлестіктер құра алады.";

екінші бөлікте:

"қауымдастықтар", "қауымдастықтардың" деген сөздер тиісінше "қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтар", "қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "актілерінің" деген сөз "нормативтік құқықтық актілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқару органдарының" деген сөздер алып тасталсын;

2-1-тармақта:

"қауымдастықтардың", "қауымдастықтардан" деген сөздер тиісінше "қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың", "қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

Заңның орыс тіліндегі мәтінінің төртінші абзацында сөздерді ауыстыру қазақ тіліндегі мәтінде өзгеріссіз қалдырылсын;

бесінші абзацтағы "заңдардың нормаларына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "атқарушы өкімет органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-бапта:

2-тармақтағы "қолданылып жүрген" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тексерулер жүргізген кезде мемлекеттік бақылаушы органдардың қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу туралы негіздемені көрсетуге және шағын кәсіпкерлік субъектісіндегі Келушілерді есепке алу кітабына тексеру

жүргізілгендігі туралы, лауазымын, тегін, тексерудің мақсаты мен нәтижелерін көрсете отырып, белгі қоюға міндетті.";

6-тармақты "заң актілерінде" деген сөздер "заңдарында" деген сөзбен ауыстырылсын.

6-тарау алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК